Тоңазытқышты сөндіру үшін “Қуат көзі” түймешігіне басыңыз және 3 секунд ішінде басып ұстаңыз, қайталап іске қосу үшін дәл солай “Қуат көзі” түймешігіне басыңыз және 3 секунд ішінде басып ұстаңыз.

Функциялардың сипаттамасы

Тоңазыту камерасының температурасын баптау

“Temp Zone” түймешігіне басқанда камераларды көрсету белгілері шеңбер бойымен ауысатын болады, тоңазыту камерасын таңдаңыз, яғни тоңазыту камерасын көрсететін белгі жарықтандырылатын болады, температура индикаторында нақты температура көрсетіледі. “Температураны баптау” (Temp Set) түймешігіне басып, қажетті температураны таңдаңыз, түймешікке әр басу мәнді бір градусқа келесі түрде өзгертетін болады: “02” - “03” - “04” - “05” - “06” - “07” - “08” - “02”. Қажетті температураны орнатқаннан кейін 5 секунд ішінде ешқандай түймешіктерге баспаңыз, сонда мән сақталып қалатын болады.

Мұздату камерасының температурасын баптау

“Temp Zone” түймешігіне басқанда камераларды көрсету белгілері шеңбер бойымен ауысатын болады, мұздатқыш камераны таңдаңыз, демек, мұздатқыш камераны көрсететін белгі жарықтандырылады, температура индикаторында нақты температура көрсетіледі. “Температураны баптау” (Temp Set) түймешігіне басып, қажетті температураны таңдаңыз, түймешікке әр басу мәнді бір градусқа келесі түрде өзгертетін болады “-16” - “-17” - “-18” - “-19” - “-20” - “-21” - “-22” - “-23” - “-24” - “-16”. Қажетті температураны орнатқаннан кейін 5 секунд ішінде ешқандай түймешіктерге баспаңыз, сонда мән сақталып қалатын болады.

“Жылдам мұздату” режимін баптау

“Функцияны таңдау” түймешігіне кезекті түрде басыңыз, “Жылдам мұздату” белгісі жыпылықтай бастағанда ешқандай әрекеттер орындамаңыз, сонда функция 5 секундтан кейін іске қосылады. Функцияны сөндіру үшін дәл осындай операцияны орындаңыз.

“Жылдам салқындату” функциясын баптау

“Функцияны таңдау” түймешігіне кезекті түрде басыңыз, “Жылдам салқындату” белгісі жыпылықтай бастағанда ешқандай әрекеттер орындамаңыз, сонда функция 5 секундтан кейін іске қосылады. Функцияны сөндіру үшін дәл осындай операцияны орындаңыз.

“Демалыс” режимін баптау

“Функцияны таңдау” түймешігіне кезекті түрде басыңыз, “Демалыс” белгісі жыпылықтай бастағанда ешқандай әрекеттер орындамаңыз, сонда функция 5 секундтан кейін іске қосылады. Функцияны сөндіру үшін дәл осындай операцияны орындаңыз.

“Тоңазыту камерасы сөндірулі” функциясын баптау


“Функцияны таңдау” түймешігіне кезекті түрде басыңыз, “Тоңазыту камерасы сөндірулі” белгісі жыпылықтай бастағанда ешқандай әрекеттер орындамаңыз, сонда функция 5 секундтан кейін іске қосылады. Функцияны сөндіру үшін дәл осындай операцияны орындаңыз.

Дыбыстық сигнал

Егер тоңазытқыш есігі 60 секундтан астам ашық тұратын болса, дыбыстық сигнал қосылады.

Функциялардың сипаттамасы

BCFT629TWRU көп функционалды сенсорлық панелінің дисплейіндегі суреттер



- a Дисплейдегі температуралық аймақтың белгішесі: тоңазытқыштың температуралық аймақтарының температурасы немесе ағымдағы баптаулары көрсетілген температуралық аймағын көрсету;
 - b Дисплейдегі температураның белгішесі: тоңазытқыштың температуралық аймағын баптаудың ағымдағы мәнін немесе температурасының мәнін көрсету;
 - c Баяу мұздату белгішесі: тоңазытқышты баяу мұздату күйінде көрсету; d Жылдам мұздату белгішесі: тоңазытқышты жылдам мұздату күйінде көрсету;
 - e «Демалыс» белгішесі: тоңазытқышты «Демалыс» күйінде көрсету;
 - f Салқындатуды сөндіру белгішесі: тоңазыту камерасын сөндірілген күйінде көрсету;
- A Қуат көзін сөндіргіш (жарқырайтын кілт): қуат көзін іске қосу немесе сөндіру үшін;
B Температуралық аймақты таңдау: тоңазытқыштағы салқындату, ауыспалы және мұздату температуралық аймағы арасынан таңдау үшін;
C Температураны орнату: таңдалған температура аймағында орнату қалпын реттеу үшін;
D Функцияны таңдау: баяу мұздату, жылдам мұздату, демалыс және салқындатуды сөндіру функциялары арасынан таңдау үшін.

Жұмыс әдістері

Қуат көзін сөндіргіш

«Қуат көзін ауыстырып-қосу» түймешігіне басыңыз және үш секунд ішінде басып ұстап тұрыңыз, қуат көзінің индикаторы сөнеді және тоңазытқыш сөндіріледі; осы күйде «Қуат көзін ауыстырып-қосу» түймешігін басыңыз және тағы үш секунд ішінде басып ұстап тұрыңыз, қуат көзі индикаторы жанады, тоңазытқыш іске қосылады.

Тоңазыту камерасының температурасын реттеу

«Температуралық аймақ» түймешігін басыңыз, дисплейде салқындату, ауыспалы және мұздату температура аймақтарының белгішелері біртіндеп жана бастайды, тоңазыту камерасы үшін температура аймағын таңдаңыз, яғни дисплейде салқындатудың температуралық аймағының белгішесі жанады ал температура белгішесі салқындатудың нақты температурасын көрсетеді. Содан кейін «Температураны орнату» түймешігін басыңыз, дисплейде тоңазыту камерасының ағымдағы баптау белгішесі пайда болады. «Температураны орнату» түймешігін қайтадан басып, тоңазыту камерасын баптау мәніне бірлікті қосыңыз, сандар ретімен кезектесіп отырады: «02» - «03» - «04» - «05» - «06» - «07» - «08» - «02». Егер түймешікпен ешқандай манипуляция орындалмаса немесе басқа түймешікке 5 секунд ішінде басылмаса, баптаудың ағымдағы мәні расталады.

Мұздату камерасының температурасын реттеу

«Температуралық аймақты таңдау» түймешігін басыңыз, дисплейде салқындату, ауыспалы және мұздату температуралық аймақтарының белгішелері біртіндеп жана бастайды, мұздату камерасы үшін температуралық аймақты таңдаңыз, яғни дисплейде мұздатудың температуралық аймағының белгішесі жанады, ал температура белгішесі мұздатудың нақты температурасын көрсетеді.

Функциялардың сипаттамасы

Содан кейін «Температураны орнату» түймешігін басыңыз, дисплейде тоңазыту камерасының ағымдағы баптау белгішесі көрсетіледі. «Температураны орнату» түймешігін қайтадан басып, мұздату камерасын баптау мәнінен бір бірлікті шегеріңіз, сандар ретімен кезектесіп отырады: «-16» - «-17» - «-18» - «-19» - «-20» - «-21» - «-22» - «-23» - «-24» - «-16». Егер түймешікпен ешқандай манипуляция орындалмаса немесе басқа түймешікке 5 секунд ішінде басылмаса, баптаудың ағымдағы мәні расталады.

Мұздатудың температуралық камерасының температурасын реттеу
«Температуралық аймақты таңдау» түймешігін басыңыз, дисплейде салқындатудың температуралық аймақтарының, мұздату камерасының және мұздатудың белгішелері біртіндеп жана бастайды, мұздату камерасының температуралық аймағын таңдаңыз, яғни дисплейде мұздату камерасының температуралық аймағының белгішесі жанады, ал температура белгішесі мұздату камерасының нақты температурасын көрсетеді. Содан кейін «Температураны орнатуды таңдау» түймешігін басыңыз, дисплейде мұздату камерасының температурасын ағымдағы баптау белгішесі көрсетіледі. «Температураны орнатуды таңдау» түймешігін қайтадан басыңыз және мұздату камерасының температурасын баптау мәнінен бір бірлікті шегеріңіз, сандар ретімен кезектесіп отырады: «-5» - «-4» - «-3» - «-2» - «-1» - «0» - «1» - «2» - «3» - «-5». Егер түймешікпен ешқандай манипуляция орындалмаса немесе басқа түймешікке 5 секунд ішінде басылмаса, баптаудың ағымдағы мәні расталады.

Баяу мұздату функциясын баптау

«Функцияларды орнату» түймешігін басыңыз, баяу мұздату белгішесі жыпылықтайды және 5 секундтан кейін ол жанады, содан кейін тоңазытқыш баяу мұздату жағдайына ауысады; содан кейін белгіше баяу мұздату қалпында болған кезде «Функцияларды орнату» түймешігін басыңыз, белгіше 5 секундтан кейін жыпылықтап, сөнеді, ал тоңазытқыш баяу мұздату қалпынан шығады.

Жылдам мұздату функциясын баптау

«Функцияларды орнату» түймешігін басыңыз, жылдам мұздату белгішесі жыпылықтайды; «Функцияларды орнату» түймешігіне тағы бір рет басыңыз, жылдам мұздату белгішесі жыпылықтайды және 5 секундтан кейін ол жанады, содан кейін тоңазытқыш жылдам мұздату қалпына ауысады; содан кейін саусағыңызды алмай, белгіше жылдам мұздату режимінде тұрған кезде «Функцияларды орнату» түймешігін екі рет басыңыз, жылдам мұздату белгішесі жыпылықтап, 5 секундтан кейін сөніп қалады, ал тоңазытқыш жылдам мұздату күйінен шығады.

«Демалыс» функциясын баптау

Саусағыңызды алмай, «Функцияларды орнату» түймешігіне үш рет басыңыз, «Демалыс» белгішесі жыпылықтайды және 5 секундтан кейін жанады, содан кейін тоңазытқыш «Демалыс» қалпына ауысады; содан кейін белгіше «Демалыс» қалпында болған кезде «Функцияларды орнату» түймешігін басыңыз, белгіше жыпылықтап, 5 секундтан кейін сөнеді, ал тоңазытқыш «Демалыс» қалпынан шығады.

Салқындатуды сөндіру функциясын баптау

Саусағыңызды алмай, «Функцияларды орнату» түймешігіне төрт рет басыңыз, салқындатуды сөндіру белгішесі жыпылықтайды және 5 секундтан кейін жанады, содан кейін тоңазытқыш салқындатуды сөндіру қалпына ауысады; содан кейін белгіше салқындатуды сөндіру қалпында болған кезде «Функцияларды орнату» түймешігін басыңыз, белгіше жыпылықтап, 5 секундтан кейін сөнеді, ал тоңазытқыш салқындатуды сөндіру қалпынан шығады.

Құлақтандыру сигналы

Егер тоңазытқыштың есігі 60 секундтан артық ашық қалса, 0,5 секунд аралықпен құлақтандыру дыбыстық сигналы үш рет естіледі; егер тоңазытқыштың есігі әлі де ашық тұрса, тоңазытқыштың барлық есігі толық жабылғанға дейін үш мәрте дыбыстық сигнал әр 30 секунд сайын естіледі.

Пайдалануды бастау

Қуат көзін қосыңыз

Азық-түлікті тоңазытқышқа салыңыз

Тоңазытқышқа шамадан тыс азық-түлік салмаңыз. Көкөністер мен жемістерге арналған контейнерге азық-түлікті сызыққа дейін салу ұсынылады.

Тоңазытқыштың әр бөлігіндегі өнімдердің жалпы салмағы 24 кг-нан аспауы керек.



Тоңазытқыштың жұмыс істеуі

Қуат көзіне алғаш рет қосылғаннан кейін тоңазытқыштың орнатылған температурасына жету үшін бірнеше сағат жұмсалады.

Азық-түлікті тоңазытқышқа ол 2-3 сағат жұмыс істегеннен кейін сақтауға орналастыруға болады.

Тоңазыту және мұздату камераларындағы температура зауытта әдепкі бойынша орнатылады және тиісінше 5 °С және -18 °С құрайды.

Азық-түлікті тоңазытқышқа салғаннан кейін 24 сағат күтіңіз. Осыдан кейін сіз температураны өз қалауыңыз бойынша реттей аласыз.



Абай болыңыз

Тоңазытқыштағы температураны өзгерткеннен кейін түзету белгілі бір уақытты алады. Ұзақтығы температураның өзгеруіне, қоршаған орта температурасына, есіктің ашылу жиілігіне және тоңазытқыштағы азық-түлік мөлшеріне тәуелді болады.

Тоңазытқыш камерасы

Қысқа мерзім сақталатын және жақын арада пайдаланылатын азық-түлікті тоңазыту камерасында сақтау керек.


Көптеген аймақтарда термостаттың көмегімен орташа температураны 0 ~ 10 °С орнатуға болатынына қарамастан, оларда өнімді ұзақ уақыт сақтауға болмайды. Сондықтан тоңазыту камерасын қысқа мерзімді сақтау үшін ғана пайдалануға болады.



Әртүрлі тағамдарды сақтаудың ұсынылған түрі

Тоңазытқыштың ішінде суық ауа айналатындықтан, сақтау бөліктерінде әртүрлі температура сақталады. 6-аймақ ең суық болып табылады. Сондықтан әртүрлі өнімдерді әртүрлі жерлерде сақтау керек.


- ① Жұмыртқа, май және т.б.
- ② Консервілер, дәмдеуіштер және т.б.
- ③ Сусындар, әртүрлі бөтелкедегі өнімдер және т.б.
- ④ Тұздықтар, консервілер және т.б.
- ⑤ Дайын бидай өнімдері, консервілер, сүт, тофу және т.б.
- ⑥ Пісірілген ет, шұжық және т.б.
- ⑦ Жемістер, көкөністер, салат және т.б.



Сөрелерді пайдалану

Тоңазытқыш толып ағып кетуден қорғайтын арнайы сөрмен жабдықталған, бұл тазалауды жеңілдетеді. Сөрени азық-түлік ыдысының биіктігіне қарай әртүрлі биіктікте орнатуға болады.

Сөрени алу кезінде, оны алдыңғы шетінен ұстаңыз.




Тоңазыту камерасы

Көкөністер мен жемістерге арналған контейнерді пайдалану

Көкөністер мен жемістерге арналған контейнер тоңазыту камерасындағы температураны бақылауға көмектеседі.


Жемістер мен көкөністерді тоңазыту камерасында қалыпты сақтау кезінде құрғақ суық ауа ылғалдың жоғалуына әкеп соқтырады. Жемістер мен көкөністердің қабығы мыжылып, дәмі нашарлайды. Контейнердегі ылғалдылықты бақылау арқылы жемістер мен көкөністер ылғалды сақтайды, оның арқасында олардың дәмі, балғындығы мен пайдалылығы ұзақ уақыт өзгеріссіз қалады.



Бөтелкеге арналған сөрөні пайдалану

Бөтелкеге арналған сөрөні сақтау талаптарына қарай жылжытуға болады. Оны көтеріп, өзіңе қарай тартып алып шығуға болады.

Сөрөні орнату кезінде оны тоңазытқыш есігінде көзделген саңылауға қойыңыз да, сөре орнына түсу үшін басыңыз.



Бөтелкеге арналған сөрөні алып шығу

Ішкі шамды ауыстыру

Тоңазытқыштағы жарықдиодты шам энергияны үнемдейді және ұзақ қызмет етеді. Оны ауыстыру қажет болған жағдайда, авторизацияланған Haier қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Ішкі шам: 12 В, ең жоғарғы 2 Вт..








Абай болыңыз

Тоңазытқыш бірнеше жыл бойы қызмет көрсетусіз және тексерусіз жұмыс істей алады.

Бұған қарамастан, қандай да бір ақаулық туындаған жағдайда, жергілікті авторизацияланған Haier қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Барлық электротехникалық жұмыстарды қызмет көрсетуші электриктер немесе тиісті оқытудан өткен аға электриктер орындауы тиіс..

Азық-түлікті салқындату кезіндегі сақтық шаралары

<p>Ыстық тағамды тоңазытқышқа салудан бұрын, оларды бөлме температурасына дейін салқындатыңыз.</p>	<p>Тоңазытқышқа салудан бұрын, азық-түлік тамшыларын тазалағаннан кейін сүрту керек.</p>
	
<p>Азық-түлікті тоңазытқышқа салудан бұрын, оларды қаптаңыз. Бұл ылғалдың булануын болдырмай, жемістер мен көкөністердің балғындығын сақтап қалумен бірге бөгде иістердің азық-түлікке сіңуіне жол бермейді.</p>	<p>Азық-түлікті топтарға бөлу керек. Азық-түлікті түріне қарай сақтаңыз. Күнделікті тұтынылатын азық-түлікті сөренің алдыңғы шетіне қоюға болады, бұл тоңазытқыштың ашық есікпен жұмыс істеу уақытын қысқартады. Сондай-ақ, мерзімі өткен азық-түліктің жиналуына жол бермеген пайдалы.</p>
	
<p>Тоңазытқышқа шамадан тыс немесе тым ауыр азық-түлікті салмаңыз. Азық-түлікті өзара біркелкі бөлу керек. Барынша жақсы салқындату тиімділігін алу үшін суық ауа айналымы үшін кеңістік қалдыру қажет.</p>	<p>Азық-түлікті ішкі қабырғаларға тым жақын орналастырмаңыз. Мұздату камерасындағы азық-түлікті қатып қалуына жол бермеу үшін жәшіктің ішкі қабырғаларына тым жақын қоймаңыз. Азық-түлік пен ішкі қабырғалар арасында біршама қашықтықты сақтаңыз.</p>
	<p>Тоңазытқыштың ішкі қаптамасы тоңазыту камерасындағы азық-түлікпен (әсіресе майлармен) ұзақ уақыт байланыста болған жағдайда зақымдалуы мүмкін. Сондықтан азық-түлік пен тоңазытқыштың ішкі қаптамасының тікелей жанасуына жол бермеуге тырысыңыз. Егер май қаптамаға түссе, оны дереу сүртіңіз.</p>


Абай болыңыз

Тоңазыту камерасын дұрыс пайдалану

Қоректік заттарды сіңіруіне жол бермеу үшін тамыр дақылдарының жапырақтарын кесіңіз.



Жұмыртқалардың сақтау мерзімін арттыру үшін оларды көзделген қорапта сақтаңыз.



Еріту үшін мұздатылған азық-түлікті тоңазыту камерасына салыңыз, бұл салқындату үшін төмен температураны пайдаланып, электр қуатын үнемдеуге мүмкіндік береді.



Пияз, сарымсақ, зімбір, су жаңғақ, түрлі түйнектер сияқты кейбір азық-түлікті бөлме температурасында ұзақ уақыт сақтауға болады және оларды тоңазытқышқа салмауға да болады.



Тоңазытқышта сақталған кезде кәді, қауын, папайя, банан, ананас метаболизмі артуы мүмкін. Жасыл жемістерді тоңазытқышта белгілі бір мерзім ішінде сақтау олардың пісіп жетілуіне ықпал етуі мүмкін.




Абай
болыңыз

Қысқы мезгілде қоршаған ортаның температурасы 0 – 10 °С-қа дейін төмендегенде, тоңазыту камерасындағы температура төмендейді және камераның төменгі бөлігінде 0 °С-қа жетуі мүмкін, сондықтан көкөністер, жемістер және т.б. төмен температураның әсерінен бүлінуіне жол бермеу үшін камераның жоғарғы жағына ауыстыру керек.

Азық-түлікті мұздату кезіндегі сақтық шаралары

Мұздатқыш азық-түлікті ұзақ уақыт сақтау үшін қолданылады

Мұздатқышта төмен температура сақталады және азық-түлік ұзақ уақыт бойы балғындығын сақтауы мүмкін, алайда азық-түліктің қаптамасында көрсетілген сақтау мерзімін қадағалау керек.



Өртүрлі азық-түліктің балғындық мерзімі мен сақтау мерзімі төменде көрсетілген:

Азық-түлік	Балғындық мерзімі (ай)	Сақтау мерзімі (ай)
Тауық еті, сиыр еті, қой еті, асшаяндар	4	9
Үзбе кеспе, салындысы бар мұздатылған тоқаш, стейктер, балмұздақ	4	6
Торт, нан, ет, ірімшік	2	6
Теңіз шаяны, теңіз өнімдері, шұжықтар, балмұздақ	1	3


Толық ақпаратты азық-түлік өндірушілерінің мұздату жөніндегі нұсқаулықтарынан немесе нұсқауларынан қараңыз. Нақты сақтау мерзімі өнімнің сапасына, мұздатудан бұрын алдын ала өңделуіне және отбасылардың азық-түлік сапасына қойылатын өртүрлі талаптарына байланысты.

Мұздату камерасының ең жоғарғы көлемінен асырмаңыз
Мұздату камерасына бір уақытта тым көп жаңа азық-түлік салмаңыз. Азық-түлік көлемі мұздату камерасының (бұйымның паспорттық маңдайшасында көрсетілген) ең жоғары көлемінен аспауы тиіс.



Азық-түлікті мұздату кезіндегі сақтық шаралары

Ыстық тағамды мұздатқышқа салудан бұрын, оларды бөлме температурасына дейін салқындатыңыз. Мұздатқышқа ыстық тағамды салғанға дейін 24 сағат бұрын жылдам мұздату режимін орнатқан дұрыс. Ыстық тағамды мұздатқыш камерасының ортаңғы тартпасына салған дұрыс.




Азық-түлікті шағын порцияларға бөліңіз, бұл терең мұздатуды жеңілдетеді және жібіту, пісіру кезінде жақсы сапаны қамтамасыз етеді. Әр порцияның салмағы 2,5 кг-нан аспауы керек.




Мұздатудан бұрын, әртүрлі азық-түліктің үсіп кетуіне жол бермеу үшін азық-түлікті орап, қаптаманың сыртқы бетінің құрғақ болуын қадағалаңыз. Басқа азық-түлікке иістердің түсуіне және олардың сапасының төмендеуіне жол бермеу үшін буып-түю материалында бөгде иістер болмауы керек, ауа, ылғал өткізбеуі керек, улы және кір болмауы керек.



Бүлінуіне жол бермеу үшін қаптамадағы мұздату күнін, сақтау мерзімін және азық-түліктің атауын көрсетіңіз.



Еріту үшін мұздатқыштан азық-түліктің қажетті мөлшерін алыңыз. Ерітілген азық-түлікті, тек алдын-ала пісірілмеген болса, қайта мұздатуға болмайды, әйтпесе бұл олардың сапасын нашарлатыуы мүмкін.



Тазалау

■ Тазалау

Азық-түлік қалдықтарынан жағымсыз иістердің пайда болуына жол бермеу үшін тоңазытқышты үнемі тазалап отыру керек.



- Қауіпсіздік мақсатында тоңазытқышты тазалаудан бұрын оны розеткадан ажыратыңыз.
- Тоңазытқышты жұмсақ сүлгімен немесе ысқышпен жылы сумен тазалаңыз (жұмсақ жуғыш заттарды қолдануға болады).



Тыйым
салынады

Тазалау үшін қатты немесе сым щетканы, кір жуғыш ұнтақты, бензинді, ацетонды және басқа да органикалық еріткіштерді, ыстық суды, қышқылдарды, сілтілерді және т.б. пайдаланбаңыз.

- Тоңазытқыштың бетін сүрту үшін құрғақ шүберекті пайдаланыңыз.



Назар
аударыңыз

Тазалау кезінде электр оқшаулауын зақымдамау үшін тоңазытқышқа су шашпаңыз. Ауыстырып-қосқышты, жарық шамын және басқа электр компоненттерін тазалау үшін құрғақ шүберекті пайдаланыңыз.

- Есіктің тығыздағышын таза ұстаңыз, себебі ол жеңіл ластанады




Жұмыстағы үзіліс

■ Электр энергиясын беру тоқтатылған жағдайдағы шаралар

Жаз мезгілінің өзінде азық-түлікті электр қуатын сөндіргеннен кейін кемінде 12 сағат бойы тоңазытқышта сақтауға болады.

- Электрмен жабдықтаудағы үзіліс кезінде тоңазытқышқа қосымша азық-түлікті салмаңыз және тоңазытқыштың есігін ашпаңыз.
- Электрмен жабдықтаудағы үзіліс туралы алдын-ала ескертілген жағдайда, тоңазытқыштың жоғарғы жағына ауа өткізбейтін мұз салынған контейнер қойыңыз.



Абай
болыңыз

Қуат сөндірілген кезде мұздатқыштағы температура жоғарылайтындықтан, сақтау мерзімі қысқаруы, ал азық-түліктің тағамдық сапасы нашарлауы мүмкін.

■ Пайдалануды тоқтату

- Егер тоңазытқыш ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаса, қуаттау баусымының ашасын желіден ажыратыңыз, қуат көзін сөндіріңіз және жоғарыда сипатталғандай тоңазытқышты тазалаңыз.
- Азық-түліктің ұсақ қалдықтарынан жағымсыз иістердің пайда болуына жол бермеу үшін тоңазытқыштың есігін ашық қалдырыңыз.



Абай
болыңыз

Тоңазытқыштың ұзақ қызмет ету мерзімін қамтамасыз ету үшін мүмкіндігінше тоңазытқышты сөндірмеу ұсынылады.



Абай
болыңыз

Тоңазытқышты электр желісіне қайта қосудан бұрын ажыратқаннан кейін кемінде 5 минут күтіңіз.

Жұмыстағы үзіліс

■ Кетер алдында

- Қысқа уақытқа кетер алдында барлық тез бұзылатын азық-түлікті алып тастаңыз, тоңазытқышта қажетті температураны орнатыңыз, температура расталғаннан кейін тоңазытқыштың есігін мықтап жабыңыз.
- Ұзақ уақытқа кетер алдында тоңазытқышты желіден ажыратып, қуатты өшіріңіз. Барлық азық-түлікті алып тастаңыз, барлық мұздың еруін күтіңіз, содан кейін тоңазытқыштың ішін тазалаңыз. Азық-түліктің ұсақ қалдықтарынан жағымсыз иістердің пайда болуына жол бермеу үшін тоңазытқыштың есігін ашық қалдырыңыз.
- Егер бөлме температурасы 0°C-тан төмен болады деп күтілсе, суды сумен жабдықтау жүйесіне ағызу үшін білікті маманға хабарласыңыз. Олай болмаған жағдайда, құбырлардың немесе қосылу жерінің жарылуы салдарынан су басу елеулі материалдық шығынға әкеледі.




Назар
аударыңыз

Тозған жабдықты тиісті түрде кәдеге жаратыңыз немесе оны білікті қызметкерлерге кәдеге жарату үшін тапсырыңыз. Қоршаған ортаның ластануына немесе өзге қауіпті жағдайларға жол бермеу үшін тоңазытқышты қалған қоқыспен лақтырмаңыз.

■ Тасымалдау кезінде

- Тоңазытқышты өшіру үшін қуаттау түймешігін басып, 3 секунд бойы ұстап тұрыңыз. Қуаттау баусымының ашасын розеткадан ажыратыңыз.
- Тоңазытқыштан барлық азық-түлікті алып шығыңыз.
- Жәшіктерді, көкөніс контейнерін және өзге қозғалатын компоненттерді жабысқақ таспамен бекітіңіз.
- Тоңазытқышты тасымалдау кезінде ашылмау үшін тоңазытқыш есігін тығыздап жауып, жабысқақ таспа арқылы бекітіңіз.
- Тоңазытқышты тасымалдау кезіндегі ең жоғарғы еңіс бұрышы салқындату жүйесін зақымдамау және қалыпты жұмысы бұзылмау үшін 45 градустан (тік күйіне қатысты) аспауы керек.




Тыйым
салынады

Тоңазытқышты ешқашан бүйір жағымен қоймаңыз.

Сұрақтарға жауап


Тоңазытқыш жұмыс істеп тұрған кезде буландырғыш және құбыржолдар жүйесі температура ауытқуынан туындаған жылулық кеңеюі және тарылуына байланысты шытырлаған дыбыс шығаруы мүмкін.



Тоңазытқышта азық-түлік көп болған кезде немесе қоршаған орта температурасы жоғары болған кезде компрессордың ұзақ жұмыс істеуі қалыпты жағдай.




Тоңазытқышты қосу/сөндіру кезінде термостат, іске қосу релесі және жылу сақтандырғышы сияқты электрлік компоненттер іске қосу кезінде сыртылдаған дыбыс шығарады.



Тоңазытқыштың сыртқы бетінде және есіктер арасындағы бос жерде су тамшылары пайда болуы мүмкін, оларды жұмсақ шүберекпен сүртуге болады.




Артқы конденсатордың температурасы мен есіктер арасындағы аралық жылудың кетуіне байланысты барынша жоғары болуы мүмкін.




Сұрақтарға жауап


Алғаш рет іске қосылған немесе қосылған кезде, тоңазытқыш тұрақсыз жұмыс режиміне байланысты қатты гуілдеуі мүмкін. Тоңазытқыштың жұмысы тұрақтанғаннан кейін бұл дыбыс азаяды.




Дірілтоңазытқыштың орналастырылуына байланысты. Егер құрылғы түзетілмеген болса, жеңіл діріл қатты шу шығаруы мүмкін. Діріл шуын азайту үшін тоңазытқыштың көлденең қалпын түзетіңіз.



Іске қосу кезінде тоңазытқыштың корпусы мен компрессорының температурасы, егер ұзақ уақыт жұмыс істесе, жоғарылауы мүмкін.




Ысқырған дыбыс: тоңазытқышта қолданылатын суық агенті буландырылған сұйық түрінде жіберіледі, бұл ретте үздіксіз немесе кезекті ысқырық пайда болады.



Сұрақтарға жауап


Техникалық сипаттамалар кестесінде көрсетілген номиналды энергия тұтыну ұлттық стандарттарға сәйкес және келесі жағдайларда есептеледі: қоршаған орта температурасы: 25 °С, тоңазыту камерасының температурасы: 5, мұздату камерасының температурасы: -18, тоңазытқыштың есігі жабық және тоңазытқыш 24 сағат бойы үздіксіз жұмыс істейді. Тоңазытқыштағы азық-түлік мөлшері көп болған жағдайда, қоршаған ортаның салыстырмалы түрде жоғары температурасы және есіктің жиі ашылуы жағдайында электр қуатын тұтыну көрсетілгеннен жоғары болады.



Жоғары температурада (≥ 32 °С) және жоғары ылғалдылықта ($\geq 75\%$) қарқынды суық тұтыну тоңазытқыштың артқы қабырғасының қатты қатып қалуына және компрессордың іске қосылу арасындағы аралықтың қысқаруына әкеп соқтырады, бұл қалыпты жағдай. Жоғары температура мен ылғалдылық кезінде бұл құбылыстың алдын алу үшін мұздату температурасын реттеу тұтқасын Low қалпына орнатып, тоңазытқышқа салудан бұрын су мөлшері жоғары азық-түлікті герметикалық түрде орау керек. Тоңазытқышта шамадан тыс азық-түлік сақтамаңыз және бір уақытта тым көп салмаңыз. Есікті мүмкіндігінше сирек ашыңыз.



Суық агентінің буландырғыш арқылы ету шамасына қарай, сұйықтықтың сылдырлаған дыбысы шығады. Ұқсас дыбыстар әдетте буландырғыш пен компрессорда пайда болады. Тоңазытқышты сөндіргеннен кейін сұйық суық агенті кері бағытта ағып кетеді, бұл ретте ағып жатқан судың үздіксіз немесе кезектескен дыбысы пайда болуы мүмкін.



Қысқы уақытта қоршаған ортаның температурасы төмендейтіндіктен, мұздатқышта 0 °С – 10 °С-тан төмен температураны сақтаудың қажеті жоқ. Тоңазытқыштың тоңазыту камерасы үшін температураны 0 °С етіп орнатыңыз.



Сатылғаннан кейін қызмет көрсету

Егер тоңазытқыш дұрыс жұмыс істемесе, төменде көрсетілген ақаулықтарды жою шараларын орындаңыз. Оларды жою мүмкін болмаған жағдайда, сатылғаннан кейінгі жергілікті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. (Тоңазытқыштың паспорттық маңдайшасында көрсетілген мәліметті хабарлаңыз.)

Тоңазытқыш қосылмайды



Тоңазытқыш электр желісіне қосылған ба? (ашаны, розетканы, сақтандырғышты және т. б. тексеріңіз), ажыратқыш «Сөндірулі» күйінде емес пе екен?



Қуат кернеуі тым төмен емес пе екен?

Тоңазытқыштың шамы жанбайды



Шам зақымданған ба екен?



Қуат көзін тексеріңіз.

Тоңазытқыштағы температура салыстырмалы түрде жоғары



Температураның мәні қате орнатылған.



Есік дұрыс жабылмаған немесе жиі немесе ұзақ уақытқа ашылады



Тоңазытқыш тікелей күн сәулесінде немесе плита немесе жылыту құралы сияқты жылу көздеріне жақын орналасқан.




Тоңазытқыштың желдеткіш торлары жабылмаған ба?

Қатты шу шығады

Тоңазытқыш тегіс еденге орнатылған ба?

Тоңазытқыш орнықты орналасқан ба?



Тоңазытқыштағы жағымсыз иіс

Күшті иісі бар азық-түлікті тиісті түрде ораңыз.

Азық-түліктің бұзылмағанын тексеріңіз. Шкафтың ішкі бетін тазалау қажет.



Сатылғаннан кейін қызмет көрсету

■ Қызмет көрсету орталығына хабарласудан бұрын келесі әрекеттерді орындаңыз

Компрессор тым ұзақ жұмыс істейді Ұзақ жұмыс пайдалануға беру кезінде қалыпты болуы мүмкін. Тоңазытқышта немесе мұздатқышта азық-түлік көп. Қоршаған ортаның температурасы жоғары Есік жиі ашылады Тоңазытқыштың есігі дұрыс жабылмаған. Ретке келтіріңіз Нашар желдетіледі	Есіктер мен есік тығыздағышының арасындағы аралықта ылғал пайда болады. Ылғал қоршаған ортаның жоғары температурасында немесе жоғары ылғалдылықта конденсациялануы мүмкін. Жұмсақ шүберекпен сүртіңіз Температураны реттейтін тұтқа «high freeze» (қарқынды мұздату) қалпына орнатылмаған ба?
--	--

Техникалық сипаттамалары және қаптау парағы

■ Техникалық сипаттамалары

Параметр Үлгі	Таңбалануы	Климат түрі	Сыртқы әсерлерден қорғау класы	Жалпы пайдалы көлемі	Тоңазытқыштың пайдалы көлемі	Номиналды кернеуі
BCFE625AWRU		SN.N.ST.T	1 класс	241 л	62 л	220-240 В
BCFT628AWRU		SN.N.ST.T	1 класс	241 л	62 л	220-240 В
BCFT629TWRU		SN.N.ST.T	1 класс	228 л	59 л	220-240 В

Параметр Үлгі	Номиналды жиілік	Кіріс ток	Суық агент	Суық-өндірімділігі (кг/тәул.)	Салмағы (кг)	Жалпы өлшемдері ҰхЕхБ (мм)	Қуаттау баусымын қосу
BCFE625AWRU	50 Гц	1А	R600a 64g	10	69	540x555x1773	Ү
BCFT628AWRU	50 Гц	1А	R600a 64g	10	69	540x555x1773	Ү
BCFT629TWRU	50 Гц	1.5А	R600a 64g	7	70	540x555x1773	Ү

Ескертпе: қолданылатын ұлттық стандарттарға сәйкес қоршаған орта температурасының диапазоны SN.N.ST.T климаттары үшін 10 – 43 °С құрайды.

■ Қаптау қағазы

Сипаттамасы Үлгі	Сипаттамасы															
	Пайдалану жөніндегі нұсқаулық және кепілдік талпоны	Сөре	Көлемігер мен желістерге арналған контейнер	Мұзға арналған сыйымдылық	Жұмыртқаға арналған сыйымдылық	Жешік	Бөтелкелерге арналған сөре	Саңылауды реттеу тілімшесі	Сәндеуге арналған магнит жолағы	Жоғарғы қаптама	Жоғарғы бекітпелер	Бұранда	Жоғарғы бекіткіш тілімше қабының қағазы	Тығыздағыш қаптама	Бұрандалы пластикалық қыспа	Төменгі бекіту тірегі
BCFE625AWRU	1	4	1	1	2	4	3	1	2	1	2	28	4	1	8	1
BCFT628AWRU	1	4	1	1	2	4	3	1	2	1	2	28	4	1	8	1
BCFT629TWRU	1	4	1	1	2	5	3	1	2	1	2	28	4	1	8	1

Қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулық

Мақсаты: осы құрылғы тек құрғақ үй жағдайында пайдалануға арналған. Кез келген басқа жағдайда пайдалану дұрыс емес және жарақат алуға әкеп соқтыруы мүмкін, мұндай жағдайда өндіруші жауапкершілік көтермейді.

- Тоңазытқышты сөндіру кезінде кабельден емес, ашадан ұстаңыз.
- Ашаның тоңазытқышпен қысылмағанына көз жеткізіңіз. Қуаттау баусымын баспаңыз.
- Қуаттау баусымын бұрап алмаңыз немесе тоңазытқышты жылжитқан кезде оны зақымдап алмаңыз
- Қуаттау баусымының ашасы зақымдалған немесе тозған жағдайда, тоңазытқышты өшіріп, оны ауыстыру үшін авторизацияланған қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Көмір газы немесе басқа жанғыш газдар тоңазытқышқа тікелей жақын жерден жылыстаған жағдайда, газ шұрасын жауып, есік пен терезелерді ашып, тоңазытқышты және басқа құрылғыларды розеткадан қосуға және ажыратуға жол бермеңіз.
- Тоңазытқышта жанғыш, жарылу қаупі бар және жегіделік материалдарды сақтауға тыйым салынады.
- Тоңазытқышта дәрі-дәрмектерді, бактерияларды және өзге химиялық заттарды сақтауға тыйым салынады. Тоңазытқыш тек үйде пайдалануға арналған. Сақтау үшін қатаң белгіленген температура деңгейін қажет ететін заттарды тоңазытқышқа орналастыру ұсынылмайды.
- Өрттің алдын алу үшін бензин мен өзге жеңіл тұтанатын заттарды тоңазытқыштың жанында сақтамаңыз және пайдаланбаңыз.
- Суға тигеннен туындаған электр соққысы немесе құлауы кезінде жарақаттанбау үшін орнықсыз заттарды (мысалы, ауыр заттар, сұйықтығы бар контейнерлерді) тоңазытқышқа қоймаңыз.
- Есігін оған орналасқан бөтелкелерге арналған сөреден ұстап тартпаңыз. Бұл есіктің қисаюына, бөтелке сөресінің шығып кетуіне немесе тоңазытқыштың құлауына әкеп соқтыруы мүмкін. Тоңазытқышқа азық-түлікті салу немесе шығару кезінде мұздату камерасының есігіне баспаңыз.
- Мұздатқыш камерасының ішкі беттерін, әсіресе дымқыл қолыңызбен ұстамаңыз, себебі қолдарыңыз бетке қатып жабысып қалуы мүмкін.
- Ашу және жабу үшін тек есіктердің тұтқаларынан ұстаңыз. Есіктер мен шкаф арасындағы қашықтық өте аз. Саусақтардың қысылуына жол бермеу үшін қолыңызды ол жерге сұқпаңыз. Тоңазытқыштың есігін ашып, жапқан кезде, жақын жерде балалардың жоқтығына көз жеткізіңіз.
- Тоңазытқышты тазалау және жуу кезінде тоңазытқыштың электр оқшаулауын қамтамасыз ету үшін оған сұйықтықты шашпаңыз және қатты ағынмен шаймаңыз; тоңазытқышты дымқыл бөлмеде немесе оған су түсу мүмкіндігі бар жерге орнатпаңыз.
- Тоңазытқышты бөлшектеу және модификациялауды білікті мамандар жүзеге асыруы тиіс. Біліктіліксіз кез келген араласу салқындатқыш құбырларға зақым келтіруі мүмкін. Сондай-ақ мүлік зақымдалуы және денсаулыққа зиян келтірілуі мүмкін. Тоңазытқышты білікті мамандар жөндеуі тиіс.
- Бөтелкедегі сыраны немесе басқа сусындарды мұздатқышта сақтамаңыз, себебі мұздату кезінде әйнек жарылып кетеді.
- Электр желісі істен шыққанда немесе тазалау алдында қуаттау баусымының ашасын розеткадан суырып, жиі қосудан компрессордың зақымдалуын болдырмау үшін қосуға дейін кемінде 5 минут күту керек.

Қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулық

- Тоңазытқышты кәдеге жарату кезінде балалардың тоңазытқышта кездейсоқ жабылып қалуына жол бермеу үшін есіктерді, тығыздағыштар мен сөрелерді алып тастаңыз.
- Азық-түлікті сақтауға арналған бөліктерде қандай да бір электр құралдарын (өндіруші ұсынған үлгілерді қоспағанда) пайдаланбаңыз.
- Осы бұйымды пайдалану қауіпсіздік үшін жауапты тұлға тарапынан қадағалаумен немесе басшылықпен жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері төмендеген немесе тәжірибесі мен білімі жоқ тұлғалардың (балаларды қоса алғанда) пайдалануына арналмаған.
- Мұздатқыш камерада компрессордың жұмыс уақытын ұлғайтпау және азық-түліктің еденге құлап кетуіне жол бермеу үшін тым көп азық-түлікті сақтамаңыз. Камераның жәшіктеріне түсірілген жүктеу сызығынан асырмау ұсынылады. Азық-түліктің жалпы салмағы 30 кг-нан аспауы керек. Азық-түліктің еденге құлауына жол бермеу үшін мұздатқыш камерасының жәшігінен тым қатты немесе бұрышпен тартпаңыз.
- Өндіруші ұсынғаннан басқа, еруді тездету үшін механикалық құрылғыларды немесе басқа құралдарды пайдаланбаңыз.
- Балалардың осы құралмен ойнамауын қадағалаңыз.

■ Орнату кезіндегі қауіпсіздік техникасының шаралары

- Тоңазытқышты дымқыл жерде немесе оған су шашырандылары жиі түсетін жерде орналастырмаңыз. Су шашырандысын немесе кірді жұмсақ шүберекпен кетіру керек.
- Тоңазытқыш ауыз су көзінен алыс емес, жақсы желдетілетін жерде орнатылуы керек. Тоңазытқыштың үстіңгі жағында кемінде 20 см және айналасында 10 см бос орын қалдырыңыз.
- Құрылғының немесе кіріктіруге арналған шкафтың желдету саңылауларының бітеліп қалуына жол бермеңіз.
- Тоңазытқыш қуат көзінің келесі сипаттамаларында жұмыс істейді: 220-240 В айнымалы ток/50 Гц. Кернеудің ауытқулары нәтижесінде тоңазытқыштың жұмысы тоқтауы, термостат пен компрессордың зақымдалуы немесе компрессордың жұмысы кезінде бөтен шудың пайда болуы мүмкін. Бұл жағдайда автоматты кернеу тұрақтандырғышын қосымша орнату ұсынылады.
- Тоңазытқышты қосу үшін сенімді жерге тұйықталған бөлек розетка қажет. Тоңазытқыштың қуаттау баусымы жерге тұйықталған 3-түйіспелі розеткаға келетін 3-түйіспелі ашамен (жерге тұйықталған) жабдықталған. Жерге тұйықтау түйіспесін ешқашан кесіп тастамаңыз немесе бөлшектемеңіз.
- Тоңазытқышты орнатқаннан кейін ашасы қолжетімді болуы керек.
- Егер қуаттау баусымы зақымдалған болса, қауіпті жағдайлардың алдын алу үшін өндірушіге, оның қызмет көрсету агентіне немесе баламалы білікті мамандарға хабарласу арқылы оны ауыстыру керек.
- Тоңазытқыш контурының зақымдалуына жол бермеңіз.

Қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулық



Бұйымдағы немесе қаптамадағы осы символ осы бұйымның сұрыпталмаған тұрмыстық қалдықтармен бірге кәдеге жаратылуына рұқсат етілмейтінін білдіреді. Бұйымды арнайы тозған жабдықты қабылдау пунктіне тапсыру керек. Қабылдау пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті билік органдарына жүгіну арқылы алуға болады. Электр құралдарын қоқыс тастайтын жерде кәдеге жарату кезінде қауіпті сұйықтықтардың жер асты суларына ағуы және олардың тамақ тізбегіне түсуі мүмкін, бұл адамдардың денсаулығы мен әлауқатына зиян келтіреді. Тозған құрылғыларды жаңасына ауыстыру кезінде сатушы заң бойынша тозған құрылғыны кем дегенде тегін кәдеге жаратуға қабылдауға міндетті.

Клиенттерге қолдау көрсету қызметі

Клиенттерге қолдау көрсету қызметі

Біз «Хайер» компаниясының клиенттерге қолдау көрсету қызметіне хабарласуды, сондай-ақ бірегей қосалқы бөлшектерді пайдалануды ұсынамыз. Егер сіздің тұрмыстық техникаңызбен қиындықтар туындаса, алдымен «Ақаулықтарды жою» бөлімін оқып шығыңыз.

Егер сіз мәселенің шешімін таппаған болсаңыз, хабарласыңыз:

ресми дилеріңізге немесе біздің байланыс орталығымызға:

8-800-070-01-29 (РҚ),

<https://haieronline.kz/> сайтына, онда сіз қызмет көрсетуге өтініш қалдыра аласыз, сондай-ақ жиі қойылатын сұрақтарға жауап таба аласыз.

Біздің қызмет көрсету орталығымызға хабарласа отырып, паспорттық маңдайшасынан және чектен табылатын келесі ақпаратты дайындаңыз: Үлгісі, сатылған күні.

Сондай-ақ, өніммен және чекпен бірге берілетін кепілдік талонының болуын тексеріңіз.

Маңызды! Аспапта сериялық нөмірдің болмауы Өндірушіге аспапты сәйкестендіруге, және нәтижесі ретінде, оған кепілді қызмет көрсетуге мүмкіндік бермейді. Аспаптан зауыттық сәйкестендіруші маңдайшаларды алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық маңдайшалардың болмауы кепілді міндеттемелерді орындаудан бас тартудың себебі болуы мүмкін.

Осы құжатқа алдын ала ескертусіз өзгерістер енгізілуі мүмкін. Өндіруші бұйымның конструкциясы мен жиынтықталуына қосымша ескертусіз өзгерістер енгізу құқығын сақтайды.

Орнату жөніндегі ескертулер


Орнату жөніндегі ескертулер.


Тоңазытқыш туралы маңызды ақпарат.


Тоңазытқышты орнату үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

Ауа шкафтың ішінде еркін айналуы керек. Осы мысалда тоңазытқыш астындағы тұғырдағы желдеткіш саңылау көрсетілген.

Тұғырда жұқа саңылау жасау керек, бұл ауаның тоңазытқышқа түсуіне мүмкіндік береді (600 мм * 100 мм ұсынылады)



 = ауа ағыны



Желдету саңылауларын кесу схемасы

Шкафтың жоғарғы жағында ауаның шығуы үшін желдеткіш саңылау болуы керек.

Желдеткіш саңылаудың ұсынылған мөлшері

500 мм * 300 мм

Егер жиһаз ауаның бөлмеде еркін айналуына мүмкіндік бермесе, онда табиғи ауа айналымын жақсарту үшін желдету тұғырын немесе басқа желдету құралдарын қолдану керек.

Суық ауа конденсатор арқылы өтуі үшін, шкафтың артқы жағында саңылау болуы керек.

Желдеткіш саңылаудың ұсынылған мөлшері

500 мм * 300 мм

Саңылау төменде көрсетілгендей тірек (тірегіш) сәреде жасалуы керек.

Орнату жөніндегі ескертулер

Маңызды! Есіктің магнитін орнатыңыз.

Есіктің магниті дұрыс орналасқанына көз жеткізіңіз.

1-сурет. Есік магнитінің дұрыс орнату орнын көрсетеді. Ол М ретінде белгіленген, сәндік панель D ретінде белгіленген, тоңазытқыш F ретінде белгіленген. Ұстағыштың ішіндегі магнит ақшыл жағы тоңазытқыштың басқару панелінің жағына қаратылып орналастырылуы керек.



Егер магнит дұрыс орнатылмаса, бұл келесі белгілерге әкеп соқтырады:

- Ішкі жарығы жұмыс істемейді
- Шамамен әрбір 30 секунд сайын қайталанатын қысқа мерзімді дыбыстық сигналдар
- Салқындатпайды

Сәндік панельдің биіктігін реттеу кезінде немесе тоңазытқыштың есіктерін қарама-қарсы жаққа ілу кезінде (1-суреттегі сияқты), магнит 1-суретте көрсетілгендей тоңазытқыштың есігіндегі бастапқы позицияға қайтарылуы керек.

Магнит ҚОСУ түймешігінің сол жағындағы сенсормен өзара іс-қимыл жасайды. (⏻).



Магнитті ұстағыш



Магнит

Haier

Изготовитель: «Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.», Room S401, Haier Brand building, Haier Industry park Hi-tech Zone, Laoshan District, Qingdao, China

Өндіруші: «Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.», Рум S401, Хайер бренд билдинг, Хайер индустри парк Хай-тек зон, Лаошан дистрикт, Циндао, Қытай

Уполномоченная организация/импортер:
ООО «ХАР», 121099, город Москва,
Новинский бульвар, дом 8, этаж 16, офис 1601.
Тел.: 8-800-250-43-05,
адрес эл. почты: info@haierrussia.ru

Қазақстан Республикасындағы уәкілетті ұйым/
импорттаушы: «Хайер Мидл Эйжа» ЖШС,
050000, Алматы қаласы, Медеу ауданы,
Достық даңғылы, 210 ғимарат.
Тел.: 8-800-070-01-29,
эл.поштаның мекенжайы:
support-kz@haieronline.kz

Уполномоченная организация в Республике
Казахстан: ТОО «Хайер Мидл Эйжа»,
050000, город Алматы, Медеуский район,
Проспект Достык, дом 210.
Тел.: 8-800-070-01-29,
адрес эл. почты:
support-kz@haieronline.kz

Сделано в Китае
Қытайда жасалған

Дата изготовления и
гарантийный срок указаны
на этикетке устройства

Шығарылған күні және
кепілдік мерзімі
құрылғының
заттаңбасында көрсетілген



EAC